

ҰБТ-ның жаңа форматы

2017 оқу жылында ҰБТ екі процедураға бөлінеді:

1. Мектеп бітіру емтиханы — **Қорытынды аттестаттау**
2. ЖОО-ға түсу емтихандары — **ҰБТ** (жаңа формат)

«Білім туралы» ҚР Заңы

Білім алушыларды **қорытынды аттестаттау** - тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін, олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Ұлттық бірыңғай тестілеу - жоғары оқу орындарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны.

Орта мектепті бітірушілер үшін Қорытынды аттестаттау

Өткізу формасы: мектеп бітіру емтихандары

Өткізілетін орны: түлек оқитын мектеп базасы

Өткізу мерзімі: шамамен 29.05-09.06

	№	Пәндер	Емтихан формасы	Уақыты
міндетті	1	Ана тілі мен әдебиеті (оқыту тілі)	Жазбаша —эссе	3 сағат
	2	Алгебра және анализ бастамалары	Жазбаша емтихан	5 сағат
	3	Қазақстан тарихы	Ауызша (билетпен)	
	4	Қазақ тілі (орыс, өзбек, ұйғыр ж/е тәжік тілдерінде оқытылатын мектептерде) Орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын мектептерде)	Тестілеу	80 минут
таңдау	5	Физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі (ағыл., француз, неміс тілі), информатика	Тестілеу	80 минут

Емтихандар жайлы қысқаша

1. **Ана тілі мен әдебиеті** - 3 тақырыптан біреуін таңдайды. Эссе 250-300 сөзден тұруы қажет. Эсседе оқушы тақырыпқа сай мәселе көтеруі, дәлелдер мен дәйектер келтіріп, өз пікірін, негізгі идеясын жүйелі түрде жеткізіп, ой түйіндей білуі қажет.

2. **Алгебра және талдау бастамалары** - 5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар математикалық фактілер, түсініктер және тәсілдерді меңгеру деңгейін, есеп пен логикалық тапсырмаларды шешу қабілетін, функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған.

3. **Қазақстан тарихы** - Билетте 3 сұрақ. Екеуі Қазақстан тарихының негізгі бөлімдерінен алынған теориялық сауал, 3-ші сұрақ шығармашылық тұрғыдағы тапсырма (карта, кескіндер, портреттер, хронологиялық кескіндерді пайдалану т.б.).

4. **Қазақ тілі** (орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытылатын мектептерде) және **орыс тілі** (қазақ мектептерінде) - 40 тест сұрақтан, 3 блоктан тұрады:

- ◆ Лексика-грамматикалық - 20 тест тапсырмасы;
- ◆ Тыңдалым - 10 тест тапсырмасы (2 мәтін);
- ◆ Оқылым - 10 тест тапсырмасы (2 мәтін).

Таңдау бойынша 1 пәннен - Физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі (ағылшын, француз, неміс тілі), информатика пәндерінің біреуін таңдайды (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық оқу бейіні ескеріледі). Тест 40 тапсырмадан тұрады, берілген бес жауаптың біреуі дұрыс.

Жазбаша және ауызша емтихандарды бағалау өлшемшарттары болады

Емтихан бағаларымен келіспеген жағдайда, емтихан аяқталғаннан бастап келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін Апелляциялық комиссияға өтініш беруге болады.

ЖОО-ға түсетін талапкерлер үшін ҰБТ

ҰБТ—ағымдағы жылы мектеп бітіруші түлектер үшін

Өткізу формасы: тестілеу

Өткізілетін орны: тест өткізу пункттері

Өткізу мерзімі: **Өтініш қабылдау** —10.03-10.05

Тестілеу — 20.06 - 01.07

Бақылаушылар: Министрлік өкілдері

Апелляция: қарастырылған

ҰБТ форматы: 5 пән (3 міндетті + 2 таңдауы бойынша).

Барлық тест тапсырмалар саны —120.

Тестілеудің жалпы уақыты: 3 сағат 30 минут (210 минут)

	Тестілеу пәндері	Тапсырмалар саны	Тапсырмалар формасы	Бағалау формасы
1 блок	Математикалық сауаттылық	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Оқу сауаттылығы	20 (4 мәтін)	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Қазақстан тарихы	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
2 блок	1 бейінді пән	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көп жауаптың ішінен бірнеше дұрыс жауабы бар	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл
	2 бейінді пән	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көп жауаптың ішінен бірнеше дұрыс жауабы бар	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл

Жоғары балл саны: 140

Шекті деңгей балы: 50

Бейінді пәндер таңдайтын мамандыққа байланысты таңдалады

Шекті балды алмаған жағдайда тестілеуді қайта тапсыру қарастырылған

ЖОО-ға түсетін талапкерлер үшін ТКТ

ТКТ — өткен жылдардағы мектеп бітірген түлектер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын бітірген түлектер үшін

Өткізу формасы: тестілеу

Өткізілетін орны: базалық жоғары оқу орындары

Өткізу мерзімі: **Өтініш қабылдау** — 01.06-20.06

Тестілеу — 17.07-23.07

Бақылаушылар: Министрлік өкілдері

Апелляция: қарастырылған

ТКТ форматы: 5 пән (3 міндетті+2 таңдауы бойынша)

Барлық тест тапсырмалар саны — 120

Тестілеудің жалпы уақыты: 3 сағат 30 минут (210 минут)

	Тестілеу пәндері	Тапсырмалар саны	Тапсырмалар формасы	Бағалау формасы
1 блок	Математикалық сауаттылық	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Оқу сауаттылығы	20 (4 мәтін)	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Қазақстан тарихы	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
2 блок	1 бейінді пән	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көп жауаптың бірнеше дұрыс нұсқасы бар	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл
	2 бейінді пән	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көп жауаптың бірнеше дұрыс нұсқасы бар	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл

Жоғары балл саны: 140

Шекті деңгей балы: 50

Бейінді пәндер таңдайтын мамандыққа байланысты таңдалады

Шекті балды алмаған жағдайда тестілеуді қайта тапсыру қарастырылған

ЖОО-ға түсетін талапкерлер үшін ТКТ (ТжКБ)

ТКТ (ТжКБ) — меңгерілген мамандық бейініне қарай күндізгі қысқартылған және сырттай қысқартылған оқу нысаны бойынша ЖОО-ға түсетін колледж түлектері үшін

Өткізу формасы: тестілеу

Өткізілетін орны: базалық жоғары оқу орындары

Өткізу мерзімі: **Өтініш қабылдау** — 01.06—20.06

Тестілеу — 17.07 - 23.07

Бақылаушылар: Министрлік өкілдері

Апелляция: қарастырылған

ТКТ (ТжКБ) форматы: 2 пән

Барлық тест тапсырмалар саны — 60

Тестілеудің жалпы уақыты — 1 сағат 40 минут (100 минут)

Тестілеу пәндері	Тапсырма саны	Тапсырмалар формасы	Бағалау формасы
Жалпы бейінді пән	20	Бес жауап нұсқасының біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
Бейінді пән	40	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс (20)	1 дұрыс жауап = 1 балл
		Көп жауаптың ішінен бірнеше дұрыс жауабы бар (10)	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл
		Жағдаятық тапсырмалар (10)	1 дұрыс жауап = 1 балл

Жоғары балл саны: 70

Шекті деңгей балы: 35

Шекті балды алмаған жағдайда тестілеуді қайта тапсыру қарастырылған

ЖОО-ға түсетін талапкерлер үшін КОНКУРС

Білім беру гранты - жоғары білім алуға төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

«Білім туралы» ҚР Заңы

Білім беру гранттарын тағайындау тәртібі — **конкурс** арқылы жүзеге асырылады. Конкурсқа қатысу үшін талапкер ҰБТ мен ТКТ-дан кемінде 50 балл, ТКТ-дан (ТЖКБ) кемінде 35 балл жинақтауы қажет.

Білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін талапкер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына тапсырады:

- белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш
- білімі туралы құжат (түпнұсқа)
- ҰБТ немесе ТКТ сертификат
- 3x4 көлеміндегі екі фотосурет
- 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі

Конкурс нәтижесінде білім грантын алғандарға «білім грантының тағайындалғандығы туралы **Куәлік**» беріледі

2017 жылғы ҰБТ мен ТКТ-туралы ақпараттық сайттар:

- ⇒ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі www.edu.gov.kz
- ⇒ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті <http://control.edu.gov.kz>
- ⇒ Ұлттық тестілеу орталығы www.testcenter.kz

Ұлттық тестілеу орталығы қорытынды аттестаттау, ҰБТ мен ТКТ-ға дайындық үшін қамтамасыз етеді

- ⇒ Байқау сынақтарына арналған сұрақ-кітапшалармен
- ⇒ Пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдармен
- ⇒ Онлайн байқау сынақтарымен

Толық ақпарат www.testcenter.kz сайтында



«Қаржы орталығы» АҚ

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Білім беру кредиттері: Оқу ақысын бүгін төле!

- ◆ кепілзатсыз;
- ◆ кредит мерзімі 12 жылға дейін;
- ◆ кредитті өтеу ЖОО-ды бітіргеннен соң 6 айдан кейін;
- ◆ кредиттің сомасы шектелмейді.

Білім беру кредиттері жүйесі бойынша 7000 кепілдік берілді

Білім беру салымы: Балаңыздың келешек оқуына қаражат жинақта!

Салымның минималды сомасы – 3 АЕК (6807 тенге 2017 жылда);

Табыстылығы 19%-дан 22%-дейін:

- банктің сыйақысы 14%-дан;
- мемлекет сыйлықақысы 5% немесе 7% (әлеуметтік категория).

Қазақстан және шет елдерінде оқу ақысын төлеу;

Keңес:

«Қаржы орталығы» АҚ:

Мекен-жайы: Астана қ, Мәңгілік ел даңғылы, 18

Тел/факс: 8 (7172) 695-044, 695-045, 695-037, 695 060

8 800 080 28 28 (тегін)

Сайт: www.fincenter.kz

Жастар білім беру порталы: www.ya-student.kz

E-mail: fincenter@fincenter.kz